

Аудандық коммуналдық мүлiктi мүлiктiк жалдауға (жалға алуға) беру кезiнде жалдау ақысының мөлшерлемесiн есептеу қағидаларын бекiту туралы

Күшiн жойған

Қостанай облысы Федоров ауданы әкiмдiгiнiң 2014 жылғы 5 тамыздағы № 257 қаулысы. Қостанай облысының Әдiлет департаментiнде 2014 жылғы 21 тамызда № 5033 болып тiркелдi. Күшi жойылды - Қостанай облысы Федоров ауданы әкiмдiгiнiң 2015 жылғы 16 сәуiрдегi № 149 қаулысымен

Ескерту. Күшi жойылды - Қостанай облысы Федоров ауданы әкiмдiгiнiң 16.04.2015 № 149 қаулысымен (қол қойылған күнiнен бастап қолданысқа енгiзiледi).

«Қазақстан Республикасындағы жергiлiктi мемлекеттiк басқару және өзiн-өзi басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабының 1-тармағының 2) тармақшасына, «Мемлекеттiк мүлiк туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы Заңының 18-бабына, «Мемлекеттiк мүлiктi мүлiктiк жалдауға (жалға алуға) беру қағидаларын бекiту туралы» Қазақстан Республикасы Үкiметiнiң 2014 жылғы 13 ақпандағы № 88 қаулысына сәйкес Федоров ауданының әкiмдiгi **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса берiлiп отырған аудандық коммуналдық мүлiктi мүлiктiк жалдауға (жалға алуға) беру кезiнде жалдау ақысының мөлшерлемесiн есептеу қағидалары **б е к i т i л с i н .**

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкiмi орынбасарының мiндетiн атқарушы **К. К. Баямбетовке жүктелсiн.**

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнiнен кейiн күнтiзбелiк он күн өткен **соң қолданысқа енгiзiледi.**

Аудан әкiмi

Қ. Ахметов

Әкiмдiктiң

*2014 жылғы 5 тамыздағы
№ 257 қаулысымен бекiтiлдi*

Аудандық коммуналдық мүлiктi мүлiктiк жалдауға (жалға алуға) беру кезiнде жалдау ақысының мөлшерлемесiн есептеу қағидалары

Аудандық коммуналдық заңды тұлғалардың балансындағы мемлекеттiк тұрғын емес қор объектiлерiнiң 1 шаршы метрiн пайдалану үшiн жылдық жалдау

ақысының базалық мөлшерлемесі 1 айлық есептік көрсеткішті құрайды.

1. Мемлекеттік тұрғын емес қор объектісін мүліктік жалдауға (жалға алуға) арналған жылдық жалдау ақысының мөлшерлемесі мынадай формула бойынша е с е п т е л е д і :

$$Жа = Бм * K1 * K2 * S, \text{ мұндағы:}$$

Жа - 1 шаршы метр үшін жылдық жалдау ақысы;

Бм - базалық мөлшерлеме, 1 айлық есептік көрсеткіші;

K1 - объектінің аумақтық қатыстылығын есепке алатын коэффициент;

K2 - құрылыстың түрін есепке алатын коэффициент;

S - жалдауға алынған үй-жайдың ауданы (шаршы метр).

Объектінің аумақтық қатыстылығын есепке алатын коэффициент:

Аумақтық аймақ	K1
Федоров ауданы, ауылдық округтер	1,6

Құрылыс түрін есепке алатын коэффициент

Құрылыс түрі	K2
Жеке тұрған	1
Қосымша салынған	1
Жартылай жертөле	0,85
Жертөле	0,70
Қоймалық	0,60

1. Құрал-жабдықтарды, автокөлік құралдарын және басқа пайдаланылмайтын заттарды мүліктік жалдау (жалға алу) үшін жалдау ақысының мөлшерлемесі мынадай формула бойынша анықталады:

$$Жн = АТ + (БҚ * ҚМ), \text{ мұндағы:}$$

Жн - құрал-жабдықтарды, автокөлік құралдарын және басқа пайдаланылмайтын заттардың жылдық жалдау ақысының мөлшерлемесі;

АТ - 2008 жылғы 10 желтоқсандағы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 120-бабымен анықталған амортизацияның шектелген нормаларына сәйкес амортизациялық төлемдердің сомасы;

Б Қ - б а л а н с т ы қ қ ұ н ы ;

ҚМ – Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің қайта қаржыландыру м ө л ш е р л е м е с і .

1. Жұмыс уақытын толық пайдаланбайтын (сағаттар бойынша) объектіні жалдау (жалға алу) үшін жалдау ақысының мөлшерлемесі мынадай формулалар бойынша есептеледі:

аудандық коммуналдық заңды тұлғалардың балансындағы мемлекеттік тұрғын емес қор үшін:

$$Ж = S * B_m * K_1 * K_2 / ЖУ * N,$$
 мұндағы:

Ж - жұмыс уақытын толық пайдаланбайтын объектінің жылдық жалдау ақысының мөлшерлемесі;

S - ауданы (шаршы метр);

B_m – базалық мөлшерleme;

K₁ - объектінің аумақтық қатыстылығын есепке алатын коэффициент;

K₂ - құрылыстың түрін есепке алатын коэффициент;

ЖУ - жылдық жұмыс уақытының балансы;

N - жылдық сағат саны.

құрал-жабдықтар, автокөлік құралдарын және басқа да пайдаланылмайтын заттар үшін:

$$Ж = Ж_n / ЖУ * N,$$
 мұндағы:

Ж - құрал-жабдықтарды, автокөлік құралдарын және басқа да пайдаланылмайтын заттардың жылдық жалдау ақысының мөлшерлемесі;

Ж_n - құрал-жабдықтарды, автокөлік құралдарын және басқа да пайдаланылмайтын заттарды жалдау (жалға алу) үшін жылдық жалдау ақысы;

ЖУ - жылдық жұмыс уақытының балансы;

N - жылдық сағат саны.